Бекітемін.
«Ару» бөбекжай-балабақшасы
меңгерушісі Г.М.Сексенбаева

# «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ӨТКІЗІЛЕТІН ІС -ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

| № | Тәрбие жұмысының атауы | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| **ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫ** | | | | |
| 1. | Өткен оқу жылының тәрбие іс - шараларының іске асырылу нәтижесіне талдау | Талдау | Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі, әдіскерлері | Тамыз |
| 2. | Тәрбие жұмысы бойынша ҚР ОАМ нормативтік құжаттарының жаңартылған нұсқасымен таныстыру | Нормативтік құжаттарды жинақтау | Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі, әдіскерлері | Тамыз |
| 3. | «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес балабақшаның, топтардың жылдық жоспарын әзірлеу | Балабақшаның, топтардың жұмыс жоспары | Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі, әдіскерлері | Тамыз |
| 4. | Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарын әзірлеу және үйлестіру | Жұмыс жоспары, Ақпарат | Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі, әдіскерлері | Тамыз |
| 5. | «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша негізгі басымдықтарды бекіту үшін әдістемелік кеңес, педагогикалық кеңес немесе жұмыс тобының отырысын | Хаттама | Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі, әдіскерлері | Тамыз |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | өткізу | | | |
| 6. | 6 әлеуметтік жобаны іске асыру жоспарын әзірлеу: «ҚАМҚОР»; «ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН»; «SMART BALA»; «ШАБЫТ»; «ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ», «БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» | Жобаларды жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары | Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі, инновация әдіскерлері | Қыркүйек |
| **ЖЫЛ БОЙЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР** | | | | |
| 1. | Ата-аналармен жұмыс (ата-аналар жиналыстары, кеңестер, сауалнама жүргізу, кездесулер) | Хаттама, анықтама, талдау, іс-шаралар, ақпарат | Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері, тәрбиешілер, педагог-психолог | Жыл бойы |
| 2. | Балабақшаның отбасымен өзара әрекеттесуі мен бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін нығайту және отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау мақсатында «Даналық мектебі» жобалары бойынша іс-шараларды іске асыру «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер» және т.б. | Отбасы күніне арналған іс-шаралар | Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері | Ата-аналарды педагогикалық қолдау жоспарына сәйкес |
| 3. | Желілік өзара әрекеттестік пен серіктестікті кеңейту | Іс-шаралар жоспары | Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі | Жыл бойы |
| 4. | «Күй күмбірі», «Үнемді тұтыну», «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Апта дәйексөздері», «Менің достарым», «Өнегелі 15 минут», «Жасыл әлем», «Біз ұқыпты баламыз», «Қауіпсіздік ережелері», «Қаржы әлемі», «Мамандықтар әлемі: әркімнің еңбегін бағалаймыз» | Жобалар | Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері, тәрбиешілер | Жыл бойы (күнделікті) |
| 5. | Мемлекеттік және қоғамдық құрылымдармен ынтымақтастық арқылы балаларды тәрбиелеуде кешенді тәсілді қамтамасыз ету, құқықтық сана | Мемлекеттік құрылымдармен бірлескен іс-шаралар жоспары | Білім басқармасы, Білім беру ұйымдары, Ішкі істер департаменті, Төтенше жағдайлар департаменті, Прокуратура, Денсаулық сақтау | Жыл бойы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау және патриотизмді қалыптастыру | | басқармасы және т.б. ұйымдар | |
| 6. | Жүргізілген тәрбиелік іс - шаралардың тиімділігін мониторингтеу және бағалау | Талдау, анықтама, сауалнама жүргізу | Білім басқармасы, Балаларға қосымша білім беру және оқу-әдістемелік орталығы, Балабақша әкімшілігі | Жыл бойы |
| 7. | Жас тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсету және тәлімгерлік ету | Жоспар, кеңес, әдістемелік көмек, семинарлар, талдау, кері байланыс | Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері | Жыл бойы |
| 8. | Қауіпсіздік техникасы, өрт және жол қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық өткізу | Нұсқаулық, қауіпсіздік сағаты | Ішкі істер департаменті, Төтенше жағдайлар департаменті, балабақша әкімшілігі | Жыл бойы |
| 9. | «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету бойынша ата-аналарға арналған бейнероликтер мен инфографикалар | МДҰ ресми парақшаларында, әлеуметтік желілерінде, сайттарында жариялау | Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері | Жыл бойы |
| 10. | «Психолог кеңестері», «Денсаулық құндылығы» атты апталық видеороликтер сериясы және (YouTube) арнасындағы вебинарлар | Ата-аналарға, педагогтарға және балаларға арналған YouTube трансляциясы | Психологиялық қолдау орталығының мамандарымен бірге, балабақша психологы | Жыл бойы |
| 11. | «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының ақпараттық қамтамасыз етілуі (балабақша сайты, әлеуметтік желілер, газеттер) | Әлеуметтік желілерге ақпарат | Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері | Жыл бойы |
| 12. | Өткізілген іс- шаралар жұмысы бойынша есеп әзірлеу (жартыжылдықтар бойынша, оқу жылының соңында) | Анализ, есеп, анықтама | Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері | Жартыжылдық, жылдық |
| 13. | Білім беру процесінің қатысушыларының балабақша іс-шараларына қатысу деңгейін сапалық және сандық талдау жүргізу | Анализ, мониторинг | Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері | Тоқсан сайын |
| 14. | Ай сайын өткізілген іс- шаралар туралы ақпаратты Қосымша білім беру және оқу -әдістемелік орталығына жіберіп отыру | Өткізілген іс -шаралалар туралы ақпаратты берілген формада толтыру | Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері | Ай сайын |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| **АПТА САЙЫН** | | | | |
| 1. | «Менің Қазақстаным» - мемлекеттік мерекелерге арналған ертеңгіліктерде ортаңғы, ересек және мектепалды топтардың Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы | Ертеңгіліктер өткізу | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, музыка жетекшісі, әдіскері, дене шынықтыру нұсқаушысы | Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес |
| 2. | «Қауіпсіздік ережелері» - жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру | Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеті. Дидактикалық, сюжетті-рөлді ойындар, әңгімелесу. | Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері, мектепалды топтың тәрбиешілері, мамандар | Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес |
| **КҮНДЕЛІКТІ АТҚАРЫЛАТЫН МІНДЕТТІ ІС-ШАРАЛАР** | | | | |
| 1. | «Күй күмбірі» | Күні бойы режимдік сәттерде (таңертеңгі қабылдау, түскі ұйқы, тамақтану) және ұйымдастырылған, шығармашылық іс-әрекеттерде балаларға күй тыңдату, балалар аспаптарында күй орындату | Мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшісі, тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі, ата-ана | Күнделікті |
| 2. | «Менің достарым» | Күні бойы тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері (ойын, танымдық, шығармашылық) | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі | Күнделікті |
| 3. | «Апта дәйексөздері» | Ата-аналармен бірлескен әрекет, ата-аналарға арналған ақпараттық | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды | Күнделікті |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | стенді | сыныптың педагогі, ата-ана | |
| 4. | «Өнегелі 15 минут» | Күні бойы тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері (әңгімелесу, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау, аудиожазба тыңдау, сахналау) | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,әдіскері,мектепалды сыныптың педагогі, ата-ана | Күнделікті |
| 5. | «Жасыл әлем» | Күні бойы тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері(зерттеу, еңбек, ойын) | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,әдіскері,мектепалды сыныптың педагогі | Күнделікті |
| 6. | «Біз - ұқыпты баламыз» | Күні бойы тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері (зерттеу, еңбек, ойын) | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,әдіскері,мектепалды сыныптың педагогі | Күнделікті |
| 7. | «Қауіпсіздік ережелері» | Күні бойы тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері (ойын, танымдық, шығармашылық) | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,әдіскері,мектепалды сыныптың педагогі | Күнделікті |
| 8. | «Мамандықтар әлемі: әркімнің еңбегін бағалаймыз» | Күні бойы тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері (зерттеу, еңбек, ойын) | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,әдіскері,мектепалды сыныптың педагогі | Күнделікті |
| 9. | «Қаржы әлемі» | Күні бойы тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері (сюжеттік рөлдік ойындар,танымдық, зерттеу, еңбек ) | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,әдіскері,мектепалды сыныптың педагогі | Күнделікті |

**ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕККӨРЛІК ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ**

1 қыркүйек – «Білім күні»
5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні
Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні
Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

**Дәйексөздер:**
1 –апта «Білімді болғың келсе -тіліңді құрметте»
2-апта «Отбасы -бақыт мекені»
3-апта Білімді бала – еңбекқор бала»

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4-апта «Бақылаудан – білімге!» | | | | |
| 1 | «Білім күні» салтанатты іс-шара «Сәлем, менің балабақшам» | Таңертеңгілік режимде салтанатты жиын. Мемлекеттік гимнді орындау, білім сағаты | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, музыка жетекшісі, тәрбиешілер | Қыркүйек 1-апта |
| 2 | Қазақстан халқы тілдері күні: «Тіл байлығы – ой байлығы», «Ана тілім ардағым» | Қазақстан халықтарының тілдері күніне арналған жалпы балабақшаішілік іс-шара. | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, қазақ тілі педагогы, тәрбиешілер | Қыркүйек 1-апта |
| 3 | Отбасы күніне арналған іс-шаралар: «Отбасым бақыт мекені» | «Даналық мектебі» аясындағы іс-шаралар, челленджер, концерттік бағдарламалар, тренингтер | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, музыка жетекшісі, тәрбиешілер, ата-аналар | Қыркүйек 2-апта |
| **ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ**<br>1 қазан – Халықаралық қарттар күні<br>5 қазан – Ұстаздар күні<br>24 қазан – Кітапханашылар күні<br>25 Қазан – Республика күні | | | | |
| **Дәйексөздер:**<br>1 -апта «Жақсы тәрбие – жақсы әдеттің бастауы»<br>2-апта«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>3-апта «Кітап оқы, ақылды бол!»<br>4-апта «Біз – Тәуелсіз елдің ұланымыз!» | | | | |
| **Апта дәйексөзі:«Жақсы тәрбие – жақсы әдеттің бастауы»** | | | | |
| 1 | «Қамқор» жобасы аясында қарттар күніне арналған іс-шаралар: «Әжем мен атама сыйлығым» акциясы | Мерекелік іс- шаралар. Қолөнер көрмесі | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері, ата-аналар | Қазан 1-апта |
| 2 | Ұстаздар күніне арналған іс-шаралар «Барлығына рақмет!» | Мерекелік іс -шаралар: концерттер, челленджер, дөңгелек үстел, Дублер күні және т.б. | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері, музыка жетекшісі | Қазан 1-апта |
| 3 | «Кітап менің қазынам» жобасы аясында «Оқырман отбасы» | Тәрбиеленушілер мен ата-аналардың, педагогтердің бірлескен іс –әрекеті (байқаулар, көрмелер, акциялар, челлендж) | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері, ата-аналар | Қазан 3-апта |
| **ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ** | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні<br>16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні | | | | |
| **Дәйексөздер:**<br>1 –апта «Әділдік-адалдықтың айнасы»<br>2-апта «Әділдік бар жерде достық бар»<br>3-апта «Жауапкершілік-жақсы істің бастауы»<br>4-апта «Әділетті бала-әдепті бала» | | | | |
| 1 | «Балаларды жақсы көретін ата-аналар клубы» | Ашық есік күндері. Ата-аналарды қолдау орталықтары аясында өткізілетін іс-шаралар: кездесулер, тренингтер, семинарлар | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері, ата-аналар | Қараша 2-апта |
| 2 | «Кіші жастан бастап киберқауіпсіздік», «Гаджеттер мен балалар» | Ата-аналар және балалармен цифрлық ортадағы мінез – құлық ережелері туралы семинарлар | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері | Қараша 4 апта |
| **ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ**<br>5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні<br>16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні | | | | |
| **Дәйексөздер:**<br>1-апта «Бірлік елеміздің тұғыры»<br>2-апта «Әкелерге тағызым»<br>3-апта «Берекелі отбасы бақыттың бастауы»<br>4-апта «Ынтымақты елдің болашағы жарқын 1-апта «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»<br>2-апта «Бірлігіміз- берекеміз!»<br>3-апта «Тәуелсіз ел-Мәңгілік ел!»<br>4-апта «Еліммен бірге өсеміз!» | | | | |
| 1 | «Ханталапай» ойыны | Топаралық ұлттық ойындар байқауын өткізу | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, дене шынықтыру нұсқаушысы | Желтоқсан 1-апта |
| 2 | «Менің балабақшам»: жаңа жылдық ертеңгіліктер | Жаңа жыл мерекесіне арналған мерекелік іс- шаралар | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері, музыка жетекшісі | Желтоқсан 4-5 апта |
| **ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ**<br>1 қаңтар – Жаңа жыл<br>10 қаңтар Қазақстандағы экология күні | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Дәйексөздер:**<br>1 –апта «Тәртіпті бала –үлгілі бала»<br>2-апта «Заң – әділдіктің тірегі»<br>3-апта «Ереже - біздің досымыз»<br>4-апта «Әділдік – адамдықтың өлшемі» | | | | |
| 1 | «Менің әкем – полиция қызметкері» республикалық байқаудың қалалық кезеңі | Мектеп жасына дейінгі тәрбиленушілер арасында (4-5 жастағы балалар) суреттер көрмесін өткізу | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері | Қаңтар 2-апта |
| 2 | Педагогикалық ринг: «Заңды білу міндет, сақтау мәдениет» | Балабақша педагогтерінің арасында QUIZ ойыны | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері | Қаңтар 2-апта |
| 3 | «Мен – тәртіпті баламын» | «Қауіпсіз маршрут» интерактивті және дидактикалық ойындарын ұйымдастыру (жол белгілері мен бағдаршам ережелері) | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы | Қаңтар 3-апта |
| 4 | «Қамқор» жобасы аясында «Қар десанты» волонтерлік эстафета | Қар тазалаудан волонтерлік эстафета (балабақша ауласында қардан мүсіндер жасау, ауланы тазалауға көмектесу) | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері, ата-аналар | Қаңтар 4-апта |
| **АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ**<br>14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні<br>Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні | | | | |
| **Дәйексөздер:**<br>1-апта «Жасампаз бала- ел ертеңі<br>2-апта «Кітап -білім бұлағы»<br>3-апта «Жаңашылдық-жаңа ойдың бастауы»<br>4-апта «Қауіпсіз бала – бақытты бала.» | | | | |
| 1 | Адалдық әліппесі: «Адалдық дүкені» республикалық акцияның қалалық кезеңі | Сахналық қойылымдар, сюжетті-рөлдік ойындар | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері | Ақпан 1-апта |
| 2 | «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітап менің қазынам», «Балабақшамызға кітап сыйлайық!» | Тәрбиеленушілер мен ата-аналардың, педагогтердің бірлескен іс- әрекеті (байқаулар, көрмелер, акциялар, челлендж) | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері, ата-аналар | Ақпан 2-апта |
| 3 | «Біріңғай өрт қауіпсіздігі» күні Республикалық акцияның қалалық кезеңі | ТЖМ департменттерімен бірлескен іс-шаралар | Мектепке дейінгі білім беру ұйымы,ТЖМ департаменті. | Ақпан 4-апта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ**<br>1 наурыз – Алғыс айту күні<br>8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні<br>21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі<br>30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні | | | | |
| **Дәйексөздер:**<br>1-апта «Жақсылыққа алғыс айту- парасаттылықтың белгісі»<br>2-апта «Ана – өмірдің шуағы»<br>3-апта ««Жаңару – жақсылықтың бастауы»<br>4-апта ««Зерттеу – танымға бастар жол» | | | | |
| 1 | Алғыс айту күніне орай: «Барлығына рахмет» челлендж өткізу | Тәрбиеленушілер мен ата-аналар, педагогтердің бірлескен іс -әрекеттері | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскерлері, музыка жетекшісі | Наурыз 1-апта |
| 2 | «Педагогтің құқықтары мен жауапкершілігі» | Әдістемелік тренингтер мен кейстер | Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері, педагог- психолог | Наурыз 4-апта |
| **СӘУІР – ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ**<br>2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні<br>7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні<br>12 сәуір – Ғылым күні<br>15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні<br>18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні<br>23 сәуір – Ұлттық кітап күні | | | | |
| **Дәйексөздер:**<br>1-апта «Кітаптан білім алайық, құстарға қамқор болайық!»<br>2-апта «Дені сау ұрпақ – елдің жарқын болашағы»<br>3-апта «Шебердің қолы ортақ»<br>4-апта «Кітап – біздің досымыз» | | | | |
| 1 | Әжемнің ертегілері: «Менің сүйікті кейіпкерім», «Досыңа кітап сыйла!» акциясы | Топтағы кітап бұрышында, МДҰ мобильді кітапханасында ұйымдастырылған іс- әрекеттер, ата-аналар мектебімен бірлескен іс- шаралар | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері, ата-аналар | Сәуір 1 апта |
| 2 | Дүниежүзілік денсаулық күніне орай «Таза Қазақстан-дені сау ұрпақ!» іс-шарасы | Тәрбиеленушілердің, ата-аналардың және педагогтердің қатысуымен бірлескен спорттық эстафеталар | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскерлері, дене шынықтыру нұсқаушысы, ата- | Сәуір 2-апта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | ұйымдастыру | аналар | |
| **МАМЫР– БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ**<br>1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні<br>7 мамыр – Отан қорғаушылар күні<br>9 мамыр – Жеңіс күні<br>15 мамыр – Халықаралық отбасы күні<br>18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні | | | | |
| **Дәйексөздер:**<br>1-апта «Бірлік елеміздің тұғыры»<br>2-апта «Әкелерге тағызым»<br>3-апта «Берекелі отбасы бақыттың бастауы»<br>4-апта «ЫІнтымақты елдің болашағы жарқын» | | | | |
| 1 | 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған **«Dostyq FEST»** | Тәрбиеленушілер арасында мерекелік іс- шара | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскерлері, ата-аналар, музыка жетекшісі | Мамыр<br>1- апта |
| 2 | «Кішкентай тәртіп сақшылары» | Спорт апталығы (күшті, ептілікті, өзара көмек пен тәртіпті насихаттайтын эстафеталар мен командалық ойындар | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскерлері, ата-аналар, дене шынықтыру нұсқаушысы | Мамыр<br>1- апта |
| **МАУСЫМ– ЗАҢ МЕН ТӘРТІП АЙЫ** | | | | |
| 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күні<br>4 маусым Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні<br>5 маусым Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні<br>23 маусым Қазақстан Республикасы Полиция күні | | | | |
| **Дәйексөздер:**<br>1-апта « Бақытты балалық шақ»<br>2-апта «Рәміздер мақтанышымыз»<br>3-апта « Табиғат ортақ үйіміз»<br>4-апта «Тәртіп ортақ міндет» | | | | |
| 1 | 1 маусым : Халықаралық балаларды қорғау күні | Халықаралық балаларды қорғау күні аясында өткізілетін іс -шаралар | Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі | Маусым<br>1 апта |
| 2 | Балаларды қорғау күні аясында «Жол қауіпсіздігі ережелері», «қауіпсіз жаз», «киберқауіпсіздік» іс- шаралары | Бірыңғай қауіпсіздік сағаттарын өткізу | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскерлері | Маусым<br>1 апта |
| 3 | «Адамдарға көмектесетін | Мамандықтармен таныстыру: сюжетті- | Мектепке дейінгі ұйымның | Маусым |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мамандықтар» | рөлдік ойындар, мамандық иелерімен кездесу, отбасылық шеберханалар | тәрбиешілері, әдіскерлері | 2- апта |
| 2 | Қазақстан рәміздері күніне арналған «Рәміздерм- мақтанышым» фестивалін ұйымдастыру және өткізу | Мерекелік іс- шаралар: көрме ұйымдастыру, балалардың суреттері, қолөнер жұмыстары, Қазақстан табиғаты мен көрікті жерлеріне арналған шығармалар қойылады, бейнероликтер көрсетіледі | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскерлері, музыка жетекшісі | Маусым 2 -апта |
| 3 | «Балаларды жақсы көретін ата-аналар клубы» | Ашық есік күндері. Ата-аналарды қолдау орталықтары аясында өткізілетін іс-шаралар: кездесулер, тренингтер, семинарлар | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері, ата-аналар | Маусым 3-апта |
| 4 | «Кіші жастан бастап киберқауіпсіздік», «Гаджеттер мен балалар» | Ата-аналар және тәрбиеленушілер цифрлық ортадағы мінез – құлық ережелері туралы семинарлар | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері | Маусым 3-апта |
| 5 | «Жазғы демалыс және бала қауіпсіздігі» тақырыбында түсіндірме жұмыстары | Ата- аналарға арналған жадынама, кеңестер | Балабақша әдіскерлері, тәрбиешілері | Маусым 4 апта |
| **ШІЛДЕ- ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ** | | | | |
| 1 шілде- Ұлттық домбыра күні<br>6 шілде- Астана күні<br>30 шілде- Халықаралық достық күні | | | | |
| **Дәйексөздер:**<br>1 апта «Мен бәрін білуге қызығамын»<br><br>2 апта «Ойлан, ізден, жаңалық аш»<br><br>3-апта: «Жаңашылдық – жарқын болашақтың бастауы»<br><br>4-апта: «Бірлік пен достық – елдіктің негізі» | | | | |
| 1 | «Домбыра – ұлттық мұрамыз» | Тәрбиеленушілермен музыкалық-танымдық іс-шаралар өткізу | музыкалық-танымдық іс-шара. | Шілде 1- апта |
| 2 | «Астана – арман қала» тақырыбында | Шығармашылық сурет байқауы немесе | Мектепке дейінгі білім беру | Шілде |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мерекелік іс -шаралар | танымдық саяхат | ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілер | 2- апта |
| 3 | «Дені сау бала – дені сау ұлт» | Балабақша ішінде денсаулық аптасын ұйымдастырып, өткізу | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскерлері, денешынықтыру нұсқаушысы | Шілде 3- апта |
| 4 | «Таза Қазақстан» аясында «Таза табиғат – бақытты балалық шақ» – экологиялық серуен, табиғатты бақылау | Тәрбиеленушілер мен педагогтердің қатысуымен экологиялық серуен ұйымдастыру, табиғатты бақылау және табиғатқа қамқорлық жасау жұмыстарын жүргізу | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Шілде 3-апта |
| 5 | Таза ауада эстафета: «Ретке келтір» | Таза ауада тәрбиеленушілердің қатысуымен қимылды-экологиялық эстафета ұйымдастыру | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы | Шілде 4 апта |
| 6 | «Педагог және Заң» ақпараттық сағаты | Педагогтердің құқықтық білімін жетілдіру | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері | Шілде 3- апта |
| **ТАМЫЗ- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ** | | | | |
| **10 тамыз – «Абай Құнанбаевтың туған күні** | | | | |
| **Дәйексөздер:**<br>**1-апта:**«Адал еңбек – елдің мұраты»<br>**2-апта:** «Отанға деген сүйіспеншілік – жүректен басталады»<br>**3-апта:**«Білімді ұрпақ – ел болашағы»<br>**4-апта:** «Адал Азамат – елге қызмет ететін тұлға» | | | | |
| 1 | «Ашық есік: балабақшамен танысу экскурсиясы» | Жаңадан қабылданған тәрбиеленушілердің ата-аналарына арналған балабақшаішілік экскурсияны ұйымдастыру және өткізу туралы сипаттама | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері | Тамыз 1 -апта |
| 2 | «Абай атаның ақылдары»- балалармен сұхбат | Тәрбиеленушілермен Абайдың өнегелі ойлары мен адамгершілік құндылықтары туралы танымдық сұхбат, дидактикалық ойындар және | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешілері | Тамыз 1 -апта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | шығармашылық тапсырмалар ұйымдастыру | | |
| 3 | “Таза Қазақстан” аясында Жасыл балабақша-гүлдер мен өсімдіктерге күтім жасау | Тәрбиеленушілер және педагогтердің қатысуымен гүлдер мен өсімдіктерге күтім жасау, суару және қоршаған ортаны көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Тамыз<br>2- апта |
| 4 | «Ережелер туралы ертегі» | Театрландырылған қойылым, еретегі кейіпкерлерінің әрекеттері бойынша кейстерді талқылау | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері | Тамыз<br>3- апта |
| 5 | «Назар аударыңыз, балалар!» жол қозғалысы ережелері апталығы | «Жолда жүру ережесін сақтаймыз!», «Бағдаршам – біздің досымыз» тақырыптарында білімдерін бекітіп, жолда өзін дұрыс ұстау, қауіпсіздік талаптарын сақтау дағдыларын меңгереді | Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы | Тамыз<br>4 -апта |

**«Ару» бөбекжай-балабақшасы**

Бекітемін:

«Ару» бөбекжай- балабақшасы

меңгерушісі:Г.М.Сексенбаева

# «1-Қыркүйек Білім күні!»

**2026-2027 оқу жылы**

**«1-ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ КҮНІ!»**

**Тақырыбы:** «1-қыркүйек – Білім күні!»
**Іс-шараның түрі:** Тәрбие сағаты
**Ұзақтығы:** 30–35 минут
**Өткізу формасы:** Әңгімелесу, сұрақ-жауап, ойын, тақпақ, шығармашылық тапсырмалар
**Дәйексөз: «**Білім – болашаққа бастар жол.»
**Мақсаты:**Балаларға 1 қыркүйек – Білім күні туралы түсінік қалыптастыру, жаңа оқу жылының басталуын қуанышпен қарсы алуға жағдай жасау. Балалардың білім алуға, ізденуге, жаңа нәрселерді үйренуге деген қызығушылығын арттыру. Мектепке дейінгі даярлық кезеңіндегі балалардың мектепке деген жағымды көзқарасын қалыптастыру.
**Міндеттері:**
Білімділік: Балаларға білімнің адам өміріндегі маңызын түсіндіру. 1 қыркүйек күнінің ерекшелігі туралы әңгімелеу. Балабақша мен мектептегі оқу үдерісі туралы қарапайым түсінік беру.
Дамытушылық: Балалардың сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеу қабілетін, есте сақтауын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Сұрақтарға толық жауап беруге және өз ойын еркін жеткізуге үйрету.
Тәрбиелік: Балаларды білімді болуға, ізденімпаздыққа, еңбекқорлыққа, тәртіптілікке, достыққа, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу. Тәрбиешіні тыңдауға, оқу құралдарын ұқыпты ұстауға дағдыландыру.
Көрнекіліктер: Білім күніне арналған безендірулер, кітаптар, дәптер, қалам, қарындаш, сызғыш, өшіргіш, түрлі түсті қағаздар, әріптер мен сандар, шарлар, «Білім күні құтты болсын!» жазуы
Тәрбие сағатының барысы
**І. Ұйымдастыру кезеңі**
Балалар әсем әуенмен топқа жиналады.
**Тәрбиеші:**
– Қайырлы күн, балалар! Бүгін бәрің сондай әдемі, көңілді болып келіпсіңдер. Бүгін ерекше күн. Себебі біз жаңа оқу жылын бірге бастап отырмыз.
– Балалар, сендер білесіңдер ме, бүгін қандай күн?
**Балалар:**– 1 қыркүйек!
**Тәрбиеші:** – Дұрыс айтасыңдар! 1 қыркүйек – Білім күні. Бұл күні барлық бала балабақшаға, мектепке келіп, жаңа білім алуға қадам басады. Біреулер жаңа топқа келеді, біреулер мектепке барады, ал сендер МАД тобында білімдеріңді толықтырып, мектепке дайындаласыңдар.
– Ендеше, барлығымыз жаңа оқу жылын жақсы көңіл күймен бастайық!
Балалар шеңберге тұрады.
**Тәрбиеші:**

Кел, балалар, күлейік,
Көңілді боп жүрейік.
Білім алып күн сайын,
Биіктерге жетейік!
Балалар бір-біріне қарап:
«Саған сәтті оқу жылы тілеймін!»
«Саған жақсы көңіл күй тілеймін!»
«Саған көп білім тілеймін!» – деп тілектерін айтады.
**II. Әңгімелесу** «Білім дегеніміз не?»
**Тәрбиеші:**
– Балалар, «білім» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
Балалардың жауаптары тыңдалады.
– Дұрыс. Білім дегеніміз – адамның оқу, іздену, үйрену арқылы жинаған білімі мен тәжірибесі. Біз балабақшада көптеген нәрселерді үйренеміз: санауды, әріптерді тануды, сурет салуды, ән айтуды, өлең жаттауды, достарымызбен бірге ойнауды, үлкендерді сыйлауды үйренеміз.
– Ал сендер мектепке барғанда одан да көп білім аласыңдар. Кітап оқуды, жазуды, есеп шығаруды, дүниені танып-білуді үйренесіңдер.

Сұрақ-жауап:
1. Бүгін қандай мереке?
2. 1 қыркүйек қандай күн?
3. Балалар білімді қайдан алады?
4. Балабақшада не үйренеміз?
5. Мектепке барғанда не оқимыз?
6. Кітап бізге не үйретеді?
7. Оқу құралдарына нелер жатады?
8. Білімді бала қандай болады?
**III. «Білімді бала қандай?»** ойыны
Тәрбиеші:
– Балалар, мен сендерге әртүрлі әрекеттерді айтамын. Егер бұл әрекет білімді және тәрбиелі балаға тән болса, қол шапалақтайсыңдар.
* Кітапты ұқыпты ұстау –
* Тәрбиешіні тыңдау –
* Досына көмектесу –
* Қаламды сындыру –
* Сабақ кезінде кедергі жасау –
* Сұраққа жауап беруге тырысу –

* Досын ренжіту –
* Оқу құралдарын орнына қою –
* Үлкендерді сыйлау –

Тәрбиеші:

– Жарайсыңдар! Сендер білімді болумен қатар, тәрбиелі болудың да маңызды екенін жақсы біледі екенсіңдер.

**IV. «Мектепке не қажет?» ойыны**

Үстел үстіне әртүрлі заттар қойылады.

Тәрбиеші:

– Балалар, жақында сендер мектеп табалдырығын аттайсыңдар. Мектепке қандай оқу құралдары қажет екенін білесіңдер ме?

Балалар заттарды атап шығады:

кітап

дәптер

қарындаш

қалам

сызғыш

өшіргіш

сөмке

түрлі түсті қарындаштар

Тәрбиеші әр заттың не үшін қолданылатынын сұрайды.

**V. «Әріптер әлеміне саяхат»**

Тәрбиеші:

– Балалар, білім әлеміне саяхатымызды жалғастырайық. Ал білім әлемінің ең маңызды достарының бірі – әріптер.

Тақтаға бірнеше әріп ілінеді.

Балалар таныған әріптерін атайды. Тәрбиеші сол әріптен басталатын сөздерді айтуды ұсынады.

Мысалы:

А – алма, ат, ана.

Б – бала, бақа, бұлт.

К – кітап, күн, көлік.

М – мектеп, мұғалім, мысық.

**VI. «Сандарды тап» ойыны**

Тәрбиеші балаларға сандар көрсетеді.

– Балалар, білім алу үшін әріптерді ғана емес, сандарды да білуіміз керек.

Балалар сандарды ретімен орналастырады.
Тапсырмалар:
* 1-ден 10-ға дейін санау;
* Көрсетілген санды атау;
* Көрсетілген санға сәйкес заттарды санау;
* Қай сан үлкен, қай сан кіші екенін анықтау.

**VII. Сергіту сәті**

Тәрбиеші:
Білім алып өсеміз,
Кітаптарды ашамыз.
Оңға-солға қараймыз,
Бойымызды жазамыз.
Қолды жоғары көтеріп,
Алақанды соғамыз.
Бір отырып, бір тұрып,
Көңілденіп қаламыз!
Балалар қимылдарды қайталайды.

**VIII. «Мен мектепке дайынмын!» әңгімесі**

Тәрбиеші:
– Балалар, сендер МАД тобында мектепке дайындалып жатырсыңдар. Мектепке барғанда қандай бала болғыларың келеді?
Балалардың жауаптары тыңдалады.
Мысалы:
– Ақылды боламын.
– Жақсы оқимын.
– Мұғалімді тыңдаймын.
– Достарыма көмектесемін.
– Кітап оқимын.
– Сабаққа кешікпеймін.

Тәрбиеші:
– Өте жақсы! Мектепке дайын болу дегеніміз тек әріп пен санды білу емес. Мектепке дайын бала тәртіпті, ұқыпты, жауапты, әдепті және білімге құштар болуы керек.

**IX. «Білім ағашы» шығармашылық тапсырмасы**

Тақтаға үлкен ағаштың суреті ілінеді.

Тәрбиеші:
– Балалар, мынау – «Білім ағашы». Бұл ағаштың жемістері сендердің білімдерің мен жақсы қасиеттеріңді білдіреді.
Әр балаға жапырақ немесе жеміс пішініндегі қағаз беріледі.
Балалар оған:
«Мен … үйренгім келеді»,
«Мен … білгім келеді»,
«Мен … жақсы жасай аламын»
деген сөйлемдерді толықтырады.
Балалардың жауаптары ағашқа ілінеді.
Х. Дәйексөзбен жұмыс
Тәрбиеші:
– Бүгінгі тәрбие сағатымыздың дәйексөзі:
«Білім – болашаққа бастар жол.»
– Бұл сөздің мағынасы қандай?
Балалардың ойы тыңдалады.
Тәрбиеші қорытындылайды:
– Білімді адам әрқашан өзіне де, өзгеге де пайдасын тигізеді. Білім арқылы адам өз арманына жетеді. Сондықтан әр күн сайын жаңа нәрсе үйренуге тырысуымыз керек.

**XI. Қорытынды «Білім баспалдағы»**

Тақтаға баспалдақ суреті қойылады.
Әр баспалдақта:

Тыңдаймын → Үйренемін → Ізденемін → Білемін → Қолданамын → Жетістікке жетемін!
Балалар әр қадамды бірге қайталайды.
Тәрбиеші: Балалар, бүгін біз қандай мереке туралы айттық?
– Білім күні!
– Білім алу не үшін керек?
– Ақылды, білімді болу үшін!
– Мектепке қандай құралдар қажет?
– Кітап, дәптер, қалам, қарындаш және тағы басқа.
– Білімді бала қандай болады?
– Тәртіпті, ұқыпты, ізденімпаз, еңбекқор, мейірімді болады.

**Тәрбиеші:** Қымбатты балалар! Бүгін біз жаңа оқу жылын бірге бастадық. Алдымызда қызықты да маңызды күндер күтіп тұр. Сендер күн сайын жаңа нәрсе үйреніп, білімдеріңді арттырасыңдар.

Әрқайсыңның армандарың үлкен болсын! Білімге деген құштарлықтарың ешқашан сөнбесін. Әріптерді танып, сандарды үйреніп, кітаппен дос болып, шығармашылықпен айналысып, бір-біріңе көмектесіп жүріңдер.
Жаңа оқу жылымыз құтты болсын!
Білім жолындағы алғашқы қадамдарың сәтті болсын!
Әр күндерің қуанышқа, жақсы жаңалыққа және жаңа білімге толы болсын!



**«Ару» бөбекжай- балабақшасы**

Бекітемін:
«Ару» бөбекжай- балабақшасы
меңгерушісі: Т.М.Сексенбаева

# «Тіл- халықтың жаны»

**2026-2027 оқу жылы**

# «Тіл – халықтың жаны»

Мақсаты: Балаларға ана тілінің қадірін ұғындыру, мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігін арттыру, көп тілді құрметтеуге тәрбиелеу.

Қатысушылар:

Жүргізуші, 4 бала қазақ киімінде, тіл патшайымы.

Безендіру: Шарлар, Қазақстан туы, әріптер, кітаптар, күз жапырақтары.

Барысы:1. Кіріспе музыка (Домбыра күйі)

Жүргізуші:Армысыздар, қымбатты балалар, қонақтар!

Бүгін – ерекше күн! 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні!

Тіл – адамның жаны, жүрегі. Тіл жоқ жерде ұлт жоқ!2. Өлең – ортаңғы топ:

Бала 1:Ана тілім – ардағым,

Өз тіліңде – салмағым.

Тілім барда мақтанам,

Биікке самғап шаттанам!Бала 2:Қазақ тілі – ата тілім,

Анам берген ақ сүтім.

Тілімменен мақтанамын,

Тілім – менің махаббатым!3.

Ән: «Туған тілім» (барлық бала бірге)4. Ойын: «Әріптерді құрастыр»

Үстелде А, Б, Ә, Д әріптері шашылып жатыр.

Балалар сөз құрастырады: АНА, АТА, БАЛА.5. Көрініс – Тіл патшайымы кіреді:Мен – Тіл патшайымымын!

Мен бар жерде достық бар, бірлік бар!

Қазақстанда қанша ұлт тұрады? (Балалар: Көп!)

Иә, біз бәріміз – бір шаңырақ астындамыз! Қандай тілдерді білесіңдер?

Балалар: Қазақ, орыс, ағылшын!6. Үш тілде сәлемдесу:

Балалар хормен:Сәлем! Привет! Hello!7. Би: «Қара жорға» (кіші топ)8. Жұмбақтар:


Жүргізуші жұмбақ жасырады, балалар шешеді.Жазушының қаруы? (Қалам)

Білімнің кілті? (Кітап)9. Қорытынды:

Жүргізуші:Тіліміздің құрметтейік!

Ана тілімізді сүйейік!

Еліміз аман, тіліміз жасасын!Барлық бала бірге:Тіліміз бар – дініміз бар! Тіл жасасын!



**«Ару» бөбекжай- балабақшасы**

Бекітемін:

«Ару» бөбекжай- балабақшасы

меңгерушісі: Г.М.Сексенбаева

# «Отбасы-бақыт мекені»

**Ақтөбе 2026-2027 оқу жылы**

**«Отбасы – бақыт мекені»**

Мақсаты:Білімділік: Отбасы, отбасы мүшелері, туыстық байланыс туралы түсінік беру.

Дамытушылық: Сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеуін, есте сақтауын дамыту.

Тәрбиелік: Үлкенді сыйлауға, кішіні құрметтеуге, отбасын қадірлеуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Отбасы суреттері, шаңырақ макеті, жүрекшелер, асықтар, слайд, домбыра.

Сөздік жұмыс: Шаңырақ, уық, кереге, отбасы, туыс, сыйластық.

Билингвалды компонент: Family - Отбасы – Семья

САБАҚ БАРЫСЫ:

1. Ұйымдастыру кезеңі - Шаттық шеңберіБіздер тату баламыз,

Гүл-гүл болып жанамыз.

Отбасымызбен біргеміз,

Бақыттымыз, шаттымыз

!2. Негізгі бөлімЖаңа сабақты ашу:

ЖұмбақБір үйде тұрамыз бәріміз,

Ата, әже, аға, әпкеміз.

Әке, ана, мен, інішек,

Біз қандаймыз? (Отбасымыз)Түсіндіру: Шаңырақ әдісі

Тәрбиеші шаңырақты көрсетеді.Шаңырақ – үйдің жүрегі. Ал отбасы – мемлекеттің шаңырағы.Уықтар – балалар. Керегелер – ата-ана.Шаңырақ мықты болса – отбасы мықты болады

.Слайд көрсету: "Менің отбасым" (суреттермен)

"Менің тату отбасым" суретін салу.

Сергіту сәті: «Отбасы» қимылды ойыны

Балалар қимылмен көрсетеді:Атам үлкен – былай, былай (қолды созу)

Әжем кішкентай – былай, былай (еңкею)

Әкем күшті – былай, былай (бұлшық ет)

Анам әдемі – былай, былай (бетін сипау)

Мен кішкентай – былай, былай!Ойын 1: «Кім не істейді?»

Тәрбиеші сұрақ қояды:Ата не істейді? (Немересіне ертегі айтады)

Әже не істейді? (Бауырсақ пісіреді)

Ана не істейді? (Тамақ пісіреді, баласын сүйеді)

Әке не істейді? (Жұмыс істейді, қорғайды)

Ойын 2: «Жүрекше сыйла»

Әр бала жүрекшені алып, "Мен анамды жақсы көремін, себебі..." деп жалғастырады.

3. Қорытынды бөлімРефлексия: «Бақыт ағашы»

Тақтада жалаңаш ағаш. Балалар жапырақ жабыстырады. Әр жапырақта тілек:

Отбасым аман болсын!

Бағалау: Барлық бала мадақталады, жұлдызша беріледі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Отбасы мүшелерін атайды, рөлін біледі.

Игереді: Отбасы туралы тақпақ, мақал айтады.

Меңгереді: Үлкенді сыйлау, отбасын құрметтеу дағдысы.

# ОТБАСЫ - БАҚЫТ МЕКЕНІ

















Отбасы күні • Ару балабақша • 13 қыркүйек

**«Ару» бөбекжай- балабақшасы**

Бекітемін:

«Ару» бөбекжай- балабақшасы

меңгерушісі: Г.М.Сексенбаева

# «Қарттарым- асыл қазынам!»

**Ақтөбе 2026-2027 оқу жылы**

**«Қарттарым – асыл қазынам»**

**Тақырыбы:** «Қарттарым – асыл қазынам»

**Мақсаты:** Балаларға қарттардың еңбегін түсіндіру, сыйластыққа тәрбиелеу, ұсақ қол моторикасын дамыту.

**Құралдар:** Тақырыптық тақта, үлестірмелі қағаздар «Ата-әже», желім, түрлі-түсті тары/моншақ, гүл шоғы

Тәрбиеші:Қайырлы күн, құрметті қонақтар! Бүгін бізде ашық оқу қызметі.

Тақырыбымыз «Қарттарым – асыл қазынам».(Балалар орындыққа отырады)

Кіріспе.

1. Сұрақ-жауап.Балалар, бүгін қандай күн?
2. Қарттар деген кімдер?
3. Неге оларды асыл қазына дейміз?

   Жауап тыңдалады. Слайд көрсетіледі.

   «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген мақал бар.

2. Тақпақ айту.

Жүргізуші 5 баланы тақта алдына шақырады.

Әр бала қолындағы суретті көрсетіп тақпақ айтады:

Атам – менің қорғаным!

Әжем – ертегім!

Қарттарымды сыйлаймын!

4. Негізгі бөлім.
5. Тәжірибелік жұмыс.

Бұл – ашық қаралымның ең басты бағаланатын жері.

Жүргізуші:Балалар, енді ата-әжелерімізге сыйлық жасаймыз. Қараңдар, бұл ата мен әженің суреті. Бірақ әдемі емес. Оны әдемілеуіміз керек. Қалай әдемілейміз? Түрлі-түсті тарымен, моншақпен жабыстырамыз.Балалар үстелге бөлініп отырады.

Музыка қосылады – жай күйде «Әже туралы ән».Тәрбиеші аралап жүріп, әр балаға жеке көмектеседі, әдіскерге түсіндіреді:Бұл жұмыстың мақсаты – ұсақ қол моторикасын дамыту, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

4. Сергіту сәті.

Жұмыс біткен соң:Шаршадық па? Бойымызды жазайық!

Қимылды жаттығу: «Атамыз отын жарды, әжеміз нан пісірді»

5. Қорытынды. Бағалау және көрме.

Жүргізуші:Балалар, кәне, жұмыстарыңды көрсетіңдерші!Балалар тақта алдына тұрып, қолдарындағы дайын жұмысты көрсетеді.  Жарайсыңдар! Бәрің өте әдемі жасадыңдар! Бұл сыйлықтарыңды кімге бересіңдер?

Балалар: Ата-әжеме!

Жүргізуші қонақтарға қарап: Осымен ашық оқу қызметіміз аяқталды.

Назарларыңызға рахмет!Балалар қонақтармен қоштасып шығып кетеді.



**«Ару» бөбекжай-балабақшасы**

Бекітемін:

«Ару» бөбекжай- балабақшасы

меңгерушісі:Г.М.Сексенбаева

# «Ұстазым - ұлы тұлға»

**2026-2027 оқу жылы**

**«ҰСТАЗЫМ – ҰЛЫ ТҰЛҒА»**

Тақырыбы: "ҰСТАЗЫМ – ҰЛЫ ТҰЛҒА"

Тәрбиеші: Құрметті ұстаздар, мерекемізді

"Сұңқар" тобының әншісі Раминаның "Ұстаз" әнімен бастаймыз!

Жүргізуші:

Балалар, ұстаз деген кім?

Ұстаз – екінші ана. Білім беретін, ән үйретететін адам.

Ұстаз – үлкен жүрек. Барлық баланы жақсы көреді.

Ұстаз – шамшырақ. Болашаққа жол көрсетеді.

Атамыз айтқан: "Ұстаздық еткен жалықпас!"

ТАҚПАҚТАР – 5 БАЛА

1-бала Рамина:

Ұстазым менің, ұстазым,

Нұрың түскен күніме.

Сенен үйрендім әріпті,

Сенен үйрендім әнді де.

2-бала: Асқар

Апай біздің анамыз,

Ертегі айтып береді.

Ақыл айтып, үйретіп,

Мейірімін төгеді.

3-бала: Асем

Бүгін 5-қазан мереке,

Қуанышты күн ерекше.

Апайларға гүл сыйлап,

Құттықтаймыз бәріміз.

4-бала: Сымбат

Ұстаз деген ұлы адам,

Шәкіртіне шырақ шам.

Еңбегіңіз жана берсін,

Жүз жасаңыз, апайым!

5-бала:Кенесары

Біздер өстік, біздер өстік,

Сұңқар тобы – біз едік.

Ұстаздарды сыйлаймыз,

Өнерлі боп өсеміз!

4. ОЙЫН: "ГҮЛ ЖИНАУ"

Жүргізуші: Енді ойнаймыз! Ұстаздарға гүл жинаймыз!

Еденге гүлдер шашылады, 2 себет. Ұлдар мен қыздар жарысады. Жеңген топ гүлді апайларға сыйлайды.

5. БИ: "АҚ ОРАМАЛ"

ХОР: "ТӘРБИЕШІ АПАЙЛАР!"

Барлық бала ортаға шығады.Ән хормен:

Тәрбиеші апайлар,

Анамыздай аялар!

Білім берген, нұр берген,

Мейірімі мол аяулар!

Тәрбиеші апайлар,

Сіздерді жақсы көреміз!

Мерекеңіз құтты болсын,

Гүл сыйлаймыз бәріміз!

Барлығы бірге: ҰСТАЗДАР КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! ҰСТАЗЫМ – ҰЛЫ ТҰЛҒА!Естелік суретке түсу.



**«Ару» бөбекжай-балабақшасы**

Бекітемін:

«Ару» бөбекжай- балабақшасы

меңгерушісі: Г.М.Сексенбаева

# «Кітап-білім бұлағы»

**2026-2027 оқу жылы**

Тақырыбы: "КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ"

Кітапханашылар күніне арналған

Мақсаты: Кітапханашы мамандығымен таныстыру, кітапты күтіп ұстауға тәрбиелеу, ұжымдық еңбекке баулу.

Көрнекілік: Кітап көрмесі, 2 себет, 10 кітап, үлкен ватман, желім, ертегі суреттері.

БАРЫСЫ:І. КІРІСПЕ – ШАТТЫҚ ШЕҢБЕРІ

Тәрбиеші: Балалар, бүгін қандай күн?

Кітапханашылар күні!

Кітапхана деген не? (Кітаптар тұратын үй)

Кітапханашы деген кім? (Кітапты күтетін, бізге ертегі беретін адам)

ІІ. ТАҚПАҚТАР

1-бала Рамина:

Кітапхана – үйімдей,

Кітап – асыл бұлағым.

Кітап оқып өсемін,

Білімді боп өсемін!

2-бала Ақбар:

Кітапханашы апайым,

Кітап беріп тұрады.

Ертегі айтып береді,

Ақыл айтып тұрады.

3-бала Арман:

Кітап – білім бұлағы,

Кітап – өмір шырағы.

Кітап оқыған бала,

Дана болар бір күні!

4-бала: Асем

Кітапты біз сыйлаймыз,

Жыртпаймыз, бүкпейміз.

Таза ұстап, күтеміз,

Досымыз деп білеміз!

5-бала: Арман

Біз – Сұңқардың баласы,

Кітап сүйер баламыз.

Кітапхана күні бүгін,

Құттықтаймыз бәріміз!

III. 1-ОЙЫН: "КІТАПТЫ ОРНЫНА ҚОЙ" (ҚИМЫЛДЫ)

Тәрбиеші: Ой, балалар, кітаптар шашылып қалыпты!

Еденге 10 кітап шашылады. Балалар 2 топқа бөлінеді.

Музыка қосылады – кім тез, әдемі, ұқыпты сөреге қояды?

Жеңген топқа қол соғу.

Мақсаты: ұқыптылық.

IV. 2-ОЙЫН: "ЖОҒАЛҒАН КІТАПТЫ ТАП" (КВЕСТ)

Тәрбиеші: Балалар, ең үлкен сиқырлы кітабымыз жоқ болып кетті! Іздеп көрейік!Үстел астындағы хат: "Терезеге барыңдар!"Терезедегі хат: "Қуыршаққа барыңдар!"Қуыршақтың жанында – үлкен кітапты табады.

Кітаптың ішінде – барлық балаға "Жас кітапсүйер" медальдары.

V. НЕГІЗГІ БӨЛІМ – ТОПТЫҚ ЖҰМЫС: "БІЗДІҢ ҮЛКЕН КІТАБЫМЫЗ"

Үстелге үлкен ватманнан жасалған алып кітап қойылады.Тәрбиеші: Енді осы кітапты бірге толтырамыз!1-топ: Кітап суреттерін жапсырады.2-топ: Ертегі кейіпкерлерін жапсырады (Бауырсақ, Мақта қыз).3-топ: Алақандарын бояуға

батырып, мөр басады – "Біздің қолтаңбамыз".Барлығы бірге желімдейді. Бұл – ұжымдық жұмыс.Дайын кітапты ортаға қойып, "Бұл – кітапханашы апайларға сыйлығымыз!" дейді.

VI. ҚОРЫТЫНДЫ

Тәрбиеші: Міне, балалар, біз кітапты сыйлауды үйрендік. Кітапты жыртуға бола ма? Жоқ!

Жәрәйсыңдар балалар!



**«Ару» бөбекжай-балабақшасы**

Бекітемін:

«Ару» бөбекжай- балабақшасы

меңгерушісі: Г.М.Сексенбаева

# «Республика күні»

**2026-2027 оқу жылы**

Тақырыбы: "Менің Отаным – Қазақстан"

Мереке: 25 қазан – Республика күні

Мақсаты: Республика күні туралы түсінік беру, рәміздерді таныту, Отан  сүйгіштікке тәрбиелеу.

Көрнекілік: "25 ҚАЗАН РЕСПУБЛИКА КҮНІ!" жалаушалары, рәміздер плакаты, көк дастархан, моншақтар, Қазақстан картасы , көк бояу.

БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС –

1-кезең: Таныстыру. Апай тақта алдында "25 қазан Республика күні!" жалаушаларын көрсетеді. Балалар жартылай шеңберде отырады.

2-кезең: Рәміздерді тану. Бұл – Ту, бұл – Елтаңба, бұл – домбыра, бұл – Бәйтерек!".

3-кезең: Үстел үсті ойыны. Барлық бала  үстелге отырады. Алдарында карточка (Күн, Бәйтерек). Тәрелкедегі түрлі-түсті моншақтармен карточканы безендіреді. Ұсақ моторика дамиды.

4-кезең: Топтық шығармашылық – "Алақан жылуы". Ортаға үлкен Қазақстан картасы қойылады. Әр бала кезекпен келіп, алақанына көк бояу жағып, картаның ішіне басады. Соңында бос карта – көк түсті, алақан іздері бар картаға айналады. Бұл – бірлік белгісі!


5-кезең: ҚОРЫТЫНДЫ – СЫЙЛЫҚ ТАРАТУ

Тәрбиеші:

"Жарайсыңдар, алтындарым! Бүгін сендер нағыз Отансүйгіш бала екендеріңді көрсеттіңдер! Республика күнімен құттықтаймын! Жақсы жұмыс жасағандарың үшін кішкентай сыйлығым бар!"Жай күй қосылады. Тәрбиеші әр балаға:

Шағын кітапша "Менің Қазақстаным" тартып, басынан сипап береді.

Барлығы бірге: "Республика күні құтты болсын!" деп суретке түседі.



**«Ару» бөбекжай-балабақшасы**

Бекітемін:

«Ару» бөбекжай- балабақшасы

меңгерушісі: Г.М.Сексенбаева

# «Ұлттық теңге күні»

**2026-2027 оқу жылы**

**Тақырыбы**: Ұлттық теңге күні
**Топ**: ересек тобы
**Өтетін орны**: Топ бөлмесі
**Қатысушылар**: Тәрбиеші, балалар, Ақша ата / Теңге ханшайымы кейіпкері
**Мазмұны** Мақсаты Балаларға ұлттық теңге туралы алғашқы түсінік беру, Отанға, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу
**Міндеттері** Теңгенің не екенін, не үшін керек екенін түсіндіру. Ақшаға ұқыпты қарауға үйрету. Өлең, тақпақ, ән арқылы сөйлеу мәдениетін дамыту
**Көрнекіліктер** Теңге бейнесі, ұлттық валюта суреттері, ойын ақшалары, дүкен бұрышы, шарлар, «15 қараша — Ұлттық теңге күні» жазуы Кейіпкерлер Жүргізуші - тәрбиеші, Теңге ханшайымы, Дүкенші

**1. Кіріспе**
Балалар музыкамен залға кіреді, жартылай шеңберге тұрады
Жүргізуші:
Балалар, бүгін ерекше күн. Бүгін — Ұлттық теңге күні!
Теңге — біздің еліміздің ақшасы, біздің мақтанышымыз
15 қарашада теңгемізге биыл неше жас толғанын білесіңдер ме?

**2. Теңге ханшайымының келуі**
Музыкамен Теңге ханшайымы кіреді, қолында үлкен теңге ұстайды
Теңге ханшайымы:
Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен — Теңге ханшайымымын
Мен Қазақстанда тұрамын, менің суретімде не бар екенін білесіңдер ме?
Балалармен әңгіме: теңгеде ата-бабаларымыз, ұлттық оюлар, киіз үй, бүркіт бейнеленген
Теңгені мыжып, жыртып, лақтыруға болмайтынын айту

**3. Өлеңдер - Тақпақтар**
Балалар кезекпен тақпақ айтады:

Теңгеміз — байлығымыз
Теңгеміз — мақтанышымыз
Ақшамызды аялайық
Ұқыпты болып сақтайық

**4. «Дүкен» ойыны**
Жүргізуші: Енді дүкен ойнаймыз
Балалар сатушы мен сатып алушы болады
Ойын ақшасымен ойыншық, жеміс-жидек сатып алады
Мақсаты: Ақшаны санауды, ұқыпты жұмсауды үйрену

**5. Ән - Би**
Балалар «Теңге күні» әнін орындайды
«Қара жорға» ырғағымен шағын би

**6. Жұмбақтар мен сұрақтар**
Жұмбақ: Қалтада жатады, дүкенде керек болады, ол не?
Сұрақтар:
Біздің ақшамыз қалай аталады?
Теңге күні қай күн?
Ақшаны қалай ұстау керек?

**7. Қорытынды**
Жүргізуші:
Балалар, бүгін не білдік?
Теңге — біздің еліміздің белгісі
Оны құрметтеп, ұқыпты ұстаймыз

Барлық балалар Теңге ханшайымымен суретке түседі
Балаларға кішкентай теңге белгісі бар медальон / жұлдызша таратылады

**8. Қоштасу**
Балалар «Біз — Қазақстан балаларымыз» деп хормен айтып, музыкамен залдан шығады

